

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2010 жылы әлеуметтік көмек беру туралы

Күші жойған

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 29 шілдедегі N 42-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 13 тамызда N 2-14-96 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 24 қаңтардағы N 49 -5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2011.01.24 N 49-5 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2010 жылдың бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н</i>	<i>м ә с л и х а т ы</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Н. Сүлейменов</i>	
	<i>А у д а н</i>	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Б. Қисметов</i>	